

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.2 – Б.389-392

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК БЕЛДЕУІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ

Орынбасаров Ә.Қ.

Астана қаласының азық-түлік белдеулерінің қазіргі таңда негізгі мәселелері қажетті шикізаттың тапшылығы, айналым қаражаттың жетіспеушілігі, ескірген құрал-жабдықтар, жер телімдеріне қажеттілік, жолдар және инженерлік коммуникацияларды жаңарту және салу болып табылады. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде азық-түлік белдеуін қамтамасыз ету қажеттілігі маңызды мәселе болып отыр. Оны шешуде еліміздің агроөнеркәсіптік кешені маңызды роль атқарады. Ол халықтың азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі, сондай-ақ оның азық-түлік тәуелсіздігі өндірілетін өнімнің саны мен сапасына тікелей байланысты болады.

Қазақстан нарығындағы терең өңдеуден өткен азық-түлік тауарларының тапшылығы импорттық өніммен өтелуде, оның үлес салмағы тұтынудың жалпы көлемінде азық-түлік белдеуінің белгіленген деңгейінен 37 %-ға жоғары. Импорттық өнімді тұтынудың ғылыми ұсынылған шекті деңгейі 20,0 %, ал оның 60,0 %-дық мәнінде салалар толық бұзылады, және азық-түліктің әлемдік нарығына толық импорттық тәуелділік пайда болады. Міне сондықтан импорттық өнімдерді отандық өндірістің өнімдерімен алмастыру арқылы, оны қысқарту мақсатына бағытталған саясатты жүргізу қажет. Әрі азық-түлік тауарларымен өзін-өзі қамтамасыз ету тұтынудың жалпы көлемінің 80,0 %-нан кем болмауы керек. Осыған байланысты азық-түлік қауіпсіздігін реттеудің тиімді тәсілдерін іздеу ерекше маңызға ие болады. Мұның бәрі тақырыптың өзектілігін анықтайды [1].

Қалада 17 астықты қайта өңдейтін кәсіпорындар бар. Барлық кәсіпорындардың ішінен «Цесна Астық» Концерні», «Агроком», «Егіс Жер», «Табыс-2009» жауапкершіліктері шектеулі серіктестіктері ірі кәсіпорындарға жатады, нақты өндірістік қуаттылығының 41-50 пайызын ғана қолданады. 2007-2009 жылдары әртүрлі сұрыпты ұндар өндірісі - 2007 жылы 173,8 мың тонна, 2008 жылы 163,2 мың тонна, 2009 жылы 169,4 мың тонна, кәсіпорындардың жүктемесі 2009 жылы 41-42 пайыз болды. Кәсіпорындардың жүктемесінің төмендігі шикізаттың жоғары бағасы және аздығы, сату нарығының жоқтығы.

Елордада 30-дан астам нан және нан-тоқаш пісіретін кәсіпорындар жұмыс істейді. Ірі кәсіпорындар - «Концерн «Цесна Астық», «Татым», «Столичный хлеб» жауапкершіліктері шектеулі серіктестіктері болып табылады.

2007-2009 жылдары 45675 тонна нан, тоқаш және басқа да нан өнімдері өндірілген, соның ішінде 2007 жылы – 17013 тонна, 2008 жылы – 14861 тонна, 2009 жылы – 13801 тонна. 2007-2009 жылдары барлығы 27503 тонна макарон өнімдері өндірілген, соның ішінде 2007 жылы – 5465 тонна, 2008 жылы 10445 тонна, 2009 жылы – 11593 тонна. Жылдан жылға астықты қайта өңдейтін кәсіпорындар дайын өнім өндірісін көбейтуде, соның ішінде әртүрлі макарондар, астық дақылдарының жармасы – арпа, сұлы, ұнтақ жармасы және басқа да жарма дақылдарын шығарады. Астана қаласында жылына 12 мың тоннадан астам ет, шұжық өнімдерін өндіретін 7 кәсіпорын жұмыс істейді. Олар - «Апрель», «Целинный», «Пищекомбинат Астаналық» жауапкершіліктері шектеулі серіктестіктері, «Вельк», «Александров», «Бакунов», «Протянова» жеке кәсіпкерлері.

2012-2014 жылдары ет, шұжық, басқа да ет өнімдерінің 7427 тоннасын өндірген, соның ішінде 2012 жылы 2287 тонна, 2013 жылы – 2303 тонна, 2014 жылы – 2837 тонна. 2014 жылы кәсіпорындардың жүктемесі 23-25 пайыз болды. Кәсіпорындардың жүктемесінің төмендігі негізінен шикізаттың жоғары бағасы және аздығы, сапасының төмендігі, құрылғылардың тозуы және механизацияның төмен деңгейі. Көптеген елдерде өмір сүру деңгейінің өсуі үрдісі және жаһандық ет тұтыну салдарынан өскелең кірістер артып келеді, жан басына шаққандағы ет тұтыну 2025 жылы жылына 63 кг жетеді деп болжап отыр. Алдағы уақытта астық өнімдеріне қарағанда етке сұраныс артады деген болжам бар. Бұл сол уақыттағы дағдарысқа байланысты бағаның өсуіне байланысты болып отыр[2].

Астана қаласында сүт өнімдерін өндіретін жылдық қуаттылығы 6250 тонна өнім өндіретін 3 кәсіпорын бар, олар - «Молочный завод «Столичный», «Астана-Ботлерс» жауапкершіліктері шектеулі серіктестіктері және «Астана Өнім» акционерлік қоғамы. 2007-2009 жылдары барлығы 8546 тонна сүт пен кілегей өндірілген, соның ішінде 2007 жылы 4420 тонна, 2008 жылы 2377 тонна, 2009 жылы – 1749 тонна. 2009 жылы кәсіпорындардың жұмыс бастылығы 25-26 пайыз болды. Кәсіпорындардың жүктемесінің төмендігі негізінен шикізат тапшылығы, сапасының төмендігі, шикізатты Ақмола облысының аудандарынан тасымалдауға жұмсалатын көлік шығындары.

Картоп пен көкөністер сақтайтын қоймалар. Астана қаласының аумағында жалпы сыйымдылығы 12 мың тонналық 3 көкөніс сақтайтын қойма (Кесте-1):

Кесте -1. Астана қаласының аумағында жалпы сыйымдылық.

Объектінің атауы	Қойма сыйымдылығы, мың тонна
«Картоп пен көкөніс» ЖШС	6,5
«Агро-Нива» ЖШС	0,5
«КирольСарыарқа» ЖШС	5

Қазіргі уақытта қоймалардың жүктемесі 30-32 пайыз, қоймалардың төмен жүктемесінің төмендігі сақтайтын өзіндік өнімнің аз болуы немесе мүлдем болмауы, жоғарыда көрсетілген кәсіпорындар картоп пен көкөністерді өндіруші кәсіпорындар, қойма құрылғыларының моральдік және материалды тозуынан. Қаланың тұрғындарын жеміс көкөніс өнімдерімен тұрақты қамтамасыз ету мақсатында жалпы сақтау көлемі 60 000 тоннадан кем емес көкөніс қоймасы қажет. Қазіргі уақытта қала аумағында жалпы сақтау көлемі 22 850 тонна құрайтын 5 көкөніс қоймасы әрекет етеді, олардың ішінен 3 көкөніс қоймасы пайдалануға 2012 жылы берілді. Жалпы сақтау көлемі 29 000 тонна құрайтын 4 жоба құрылыс сатысында, 4 жоба жобалау сатысында. Осы объектілерді пайдалануға беру кезінде қала қажеттілігі 100 %-ға жабылады [3].

Азық-түлік белдеуі даму механизмін жасау іс-шаралары да қазіргі таңда қала бойынша жүргізіліп жатыр. Оның ішінде негізгілеріне келетін болсақ:

- негізгі азық-түлік өнімдерді тасымалдау көлемдерін ұлғайту, (соның ішінде мал шаруашылығы өнімдері – қаланың сүтті қайта өңдейтін кәсіпорындарына сүт тасымалдау) Астана қаласы аумағында азық-түліктік белдеу құру бағдарламасына Ақмола облысының 17 ауданы және Қарағанды облысының 4 ауданының қайта өңдейтін кәсіпорындары қатысады;

- Астана қаласының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен қайта өндіруші кәсіпорындарын жергілікті және республикалық бюджеттік бағдарламасы аясында қолдау жасау;

- Астана қаласының агроөнеркәсіп секторы субъектілерін несиелендіру, соның ішінде «Самырұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының, «КазАгро» ұлттық басқарушы холдингі қаржы институты, екінші деңгейлі банктер несиелендіруін үйлестіру;

- ауданы 3 гектар жылыжай кешенін салу «АстанаЭкоСтандарт» ЖШС-нің, өндірістік қуаттылығы жылына 2 мың тонна қызанақ пен қияр өндіретін құны 1,177 млн. теңге тұратын жобаны іске асыру [4].

«2020 Жол картасы» бағдарламасына және келесідей жобаларға қаржылық қолдау жасауды үйлестіру жұмыстарын жасау:

- «Астана-Өнім» АҚ-ның сомасы 35 млн. теңге «Мал шаруашылығы кешенін және сүтті қайта өңдеу цехын ішінара жаңарту» жобасы;

- «Астана-Боттлерс» ЖШС-нің сомасы 4 500 млн. теңге сүтті қайта өңдеу және салқындатылған сусындар өндірісін ұлғайтуға және айналым қорын толықтыру жобасы.

- Астана қаласының қайта өңдеуші кәсіпорындарының «Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне екінші деңгейлі банктер ұсынған қайта өңдейтін жабдықтар мен техникалар лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау» бағдарламасы бойынша үйлестіру жұмыстарын атқару;

- өндірілетін өнімдердің сапасын арттыру және кәсіпорындарды халықаралық стандарттарға көшіру, ISO және HACCP халықаралық стандарттарын енгізген кәсіпорындар санын арттыру;

- «Азық-түліктік қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы заңына сәйкес ауру жануарларды санитарлық сою, ветеринариялық алдын-алу іс-шараларын толығымен өткізуде [5].

Елорданың агроөнеркәсіп кешеніндегі негізгі жалпыжүйелік мәселелер – олар агрономиялық технологиялардың артта қалушылығы, өндірістің негізгі құралдарының моральді және табиғи тозығы жетуі; суармалы судың нормативтен тыс жоғалуы; қолданылатын ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымы мен малдардың төмен генетикалық әлеуеті, малазықтық базасының әлсіздігі, құрама жемнің кенеулілігінің төмен болуынан мал мен құстың өнімділігінің төмендігі, өндірістік қайта өңдеуге сапалы шикізат тапшылығы, ішкі нарықта отандық қайта терең өңдеу өнімдері үлесінің төмендігінен елорданың негізгі азық-түлікті тұтынуы қанағаттандырылмайды, аграрлы секторға инвестиция жұмылдырудың төмен деңгейі, ауылдық кооперацияның жеткіліксіз дамуы.

Қазіргі уақытта Астана қаласының азық-түлік белдеуін қалыптастыруды келесі факторлар тежейді:

1. Астана нарығына ауыл өнімдерін жеткізу жүйесімен сатып алу үрдісінің ретсіз жүргізілу салдарынан ауыл шаруашылық өндірушілерінің рентабельділігі төмен;

2. Бизнесте маркетингтік қамтамасыз етуінің және оңтайлы сауда-сатып алу ортасының жоқтығы;

3. Көліктік-логистикалық кешенінің жеткіліксіз дамуы;

4. Маркетинг, логистика, тасымалдауда агроөнеркәсіптік кешені субъектілерінің өзара тұрақты қарым-қатынастарының болмауы.

Қазақстан нарығындағы терең өңдеуден өткен азық-түлік тауарларының тапшылығы импорттық өніммен өтелуде, оның үлес салмағы тұтынудың жалпы көлемінде азық-түлік қауіпсіздігінің белгіленген деңгейінен 37 %-ға жоғары. Импорттық өнімді тұтынудың ғылыми ұсынылған шекті деңгейі 20,0 %, ал оның 60,0 %-дық мәнінде салалар толық бұзылады, және азық-түліктің әлемдік нарығына толық импорттық тәуелділік пайда болады. Міне сондықтан импорттық өнімдерді отандық өндірістің өнімдерімен алмастыру арқылы, оны қысқарту мақсатына бағытталған саясатты жүргізу қажет. Әрі азық-түлік тауарларымен өзін-өзі қамтамасыз ету тұтынудың жалпы көлемінің 80,0 %-нан кем болмауы керек. Осыған байланысты азық-түлік қауіпсіздігін реттеудің тиімді тәсілдерін іздеу ерекше маңызға ие болады.

ҚР тәуелсіздігі кезеңінде елдің АӨК-де айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді: нарықтық қатынастар негізінде өндірістің тұрақты өсуі байқалады, еңбек өнімділігі мен өндіргіштігі артуда, саланың негізгі қорларын жаңарту және инфрақұрылымын қалпына келтіру жүргізілуде, негізгі тамақ өнімдері бойынша өзін-өзі қамтамасыз етуге қол жеткізілді,

дәнді, майлы дақылдар, балық аулау өнімдері экспортының айтарлықтай өсуіне қол жеткізілді.

2011 жылы елдің жалпы ішкі өнімінің (бұдан әрі – ЖІӨ) көлеміндегі ауыл шаруашылығы өнімінің үлесі 5,1 %-ды құрады, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтіндердің еңбек өндіріштігі 2005 жылдан бастап 2011 жылдар аралығындағы кезеңде жылына 9,3 % орташа жылдық өсу қарқынымен бір жұмыс істейтін адамға 304,2 мың теңгеден 498 мың теңгеге дейін өзгерді, ауылды жерлерде шамамен 7,48 млн. адам немесе Қазақстанның жалпы халқының 45%-ы тұрды[1].

Қазіргі уақытта әлемдік аграрлық экономика мен демографияның жаңа үрдістері қалыптасуда, өңірдегі ықпалдастыру процестері нақты дами бастады, жаһандық климаттық өзгерістер болуда. Қазақстан Кеден одағына (бұдан әрі – КО) кірді, таяу кезеңде Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі – ДСҰ) кіруі жоспарлануда. Алайда, саладағы еңбек өндіріштігінің төмен деңгейі, пайдаланылатын технологиялардың жетілдірілмегендігі, өндірістің ұсақ тауарлы болуы ауыл шаруашылығы өндірісін қарқынды негізде жүргізуге, материалдық, еңбек және басқа ресурстарды неғұрлым толық пайдалануды қамтамасыз етуге, экологиялық талаптарды сақтауға мүмкіндік бермейді. Осы факторлар отандық аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді, бұл ДСҰ мен КО жағдайларында шетелдік өнім импортының басым болуына, жергілікті өндірушілерді өткізу нарықтарынан ығыстыруға әкелуі мүмкін.

Азық-түлік өнімдерін тұтынудың қарқынды өсуімен және тұтыну құрылымының неғұрлым сапалы өнімдер жағына қарай өзгеруімен ел халқының өсуі орын алуда. Елді азық-түлікпен қамтамасыз етудегі, халықты жұмыспен қамтуды арттырудағы және республиканы экономикалық дамытудағы ауыл шаруашылығының рөлін Мемлекет Басшысы бірнеше рет, оның ішінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты векторы» атты 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында атап өтті.

Қаланың азық-түлік белдеуін қалыптастыру барысындағы механизмдері одан әрі тоқтамай, шағын кәсіпорындардың жұмыс жасап кетуіне қазіргіден де жақсы көмек көрсетілсе, қала өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ететін жағдайға жақын деп айтуға болады. Азық-түлік қажеттілігі, тіпті жеке адамның материалдық жағдайы жеткіліксіз болса да, кез — келген адамдар тобы мен қоғам түгелдей оның функциясы мен даму мүмкіндігін — демографиялық, экономикалық, саяси, мәдени, интеллектуалды т.б. анықтайды. Сондықтан азық-түлік белдеуін тек бір қаладағы ғана емес, әлемдік күрделі мәселелердің біріне жатқызуға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Астана қаласы Ауыл шаруашылығы басқармасының 2011-2015 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары
2. Current Agricultural Practices Threaten Future Global Food Production. Yongbo Liu • Xubin Pan • Junsheng Li, Accepted: 1 December 2014 / Published online: 9 December 2014 Springer Science+Business Media Dordrecht 2014.
J Agric Environ Ethics (2015) 28:203–216 DOI 10.1007/s10806-014-9527-6
3. Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы
4. Агробизнес – 2020 бағдарламасы
5. Бизнесің жол картасы - 2020